

«Мұрын жырау Сеңгібекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі»



Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаздық мамандық. Маңғыстау облысында мұғалімдерді даярлаудағы қара шаңырақ – Мұрын жырау Сеңгібекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі. Биыл 40 жылдық мерейтойын атап өткен колледжден сапалы білім алып, мұғалім мамандығын алып шыққан мыңдаған түлектеріміз бар. Колледжімізде орыс тілі мұғалімі, информатика мұғалімі, дене шынықтыру және спорт сияқты мамандықтар бойынша білім алуға болады. Ал 1998ж. «Шетел тілі» мамандығы бойынша алғаш орыс тобы ашылды. 2001 жылы колледждің «Шетел тілі» мамандығын бойынша бірінші түлектер бітірді. 1999 жылы 11-сыныпты бітірген бюджет және ақылы қазақ топтары ашылды. Колледж түлектері өз мамандығы бойынша еліміздің түпкір түпкірінде жұмыс жасап жатыр.

Қазіргі таңда «Шетел тілі» мамандығы 206 студент білім алуда.

Колледжіміздің шетел тілі мұғалімі мамандығын аяқтаған түлектеріміз

КЕРЕЕВА ОКСАНА ЖИЛКИБАЕВНА, 2002 жылғы түлек



Кереева Оксана Жилкибаевна, 1982 жылы 19 маусымда, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданына қарасты Қызан ауылында дүниеге келген. Әкесі – Қамысбаев Жылқыбай көп жылдары Жетібай мұнай-кен орнында жүргізуші, ал анасы - Садуақасова Райса Жетібай кентінің әкімшілігінде АХАЖ бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған.

Кереева О. 1999 жылы Жетібай кентіндегі №8 орта мектепті бітіріп, Маңғыстау гуманитарлық колледжге «Шетел тілі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2002 жылы аталған колледжі «үздік

дипломға» бітірген. 2008 жылы Маңғыстау «Болашақ» институтын ағылшын тілінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. “Өмір бойы даму” принципін ұстанатын Оксана Жилкибаевна 2021 жылы педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесіне ие болды және 2023 жылы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетіне “Педагогика және психология” мамандығы бойынша PhD докторантураға оқуға түсіп, оқып жатыр.

Ол еңбек жолын 2001 жылы Ақтау қаласындағы №24 орта мектебінде ағылшын тілі мұғалімі болып бастап, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарының көмекшісіне дейінгі жолдан өткен. 2005 жылы өзінің білім, тәлім-тәрбие алған ізгілік ұясы- Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжіне ағылшын тілі оқытушысы болып орналасты.

2010 жылы ІІ облыстық «Жас мамандар слеті» сайысында І дәрежелі дипломмен марапатталып, «XXI ғасырдың ең үздік жас маманы» номинациясына ие болған. 2011 жылы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының «Арнайы пәннің үздік оқытушысы - 2011» облыстық байқауына қатысып І дәрежелі дипломға ие болып, «Үздік оқытушы-2011» атағын жеңіп алды. 2022 жылы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы республикалық кәсіби шеберлік конкурсына қатысып, жоғары көрсеткені үшін “Креативті педагог” номинациясы ие болды.

2011 жылдың қыркүйек айынан 2014 жылдың қыркүйек айына дейін «Бастауыш мектептің шетел тілі мұғалімі» және «Аударма ісі» мамандықтары бойынша колледжде бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Кереева О. 2007 жылдан бері «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясының Маңғыстау облыстық филиалының мүшесі. 2012 жылы «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясының және 2013 жылы Маңғыстау облысының білім басқармасының өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде сүбелі үлес қосып, өңіріміздің қоғамдық-саяси жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кереева Оксана Жилкибаевна тұрмысқа құрған, төрт баланың анасы. Жолдасы – Кереев Пальмиро Ерсайынұлы АО “Казтрансойл” мекемесінде техника қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы. Балаларының үлкені Алматы қаласындағы Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде “Автоматтандыру және басқару” мамандығын меңгерсе, кішісі Ақтау қаласы №17 жалпы білім беретін мектепте бірінші сыныпта оқиды.

Кереева Оксананың өмірлік, әрі кәсіптік ұстанымы - «Отаныма адал, қайраткер ұстаз, балама үлгі тұтар асыл ана атану».



ҚАЗИЕВА ҚАМАР, 2004 жылғы түлек



Мен, Қазиева Қамар Алтайқызы, Маңғыстау облыстық гуманитарлық колледжінің 2008 жылғы түлегімін.

Колледжге 2004 жылы, Облыстық Дарынды балаларға арналған мектеп интернаттан келгенмін. Алғашқы қоңыраудан бастап өмірім түбегейлі өзгерді, бір өзгеше бөлек әлемге қадам аттағандай болдым, сол колледж қабырғасында өткен әр шағым керемет пен қызықтарға толы болды.

Топ жетекшіміз Испекеева Дина Ергазиевна, шын ниетімен жанашыр екінші анамыздай, әр студенттің көңіл-күйін бақылап, оқудағы үлгерімімізге үлкен талап қоюының арқасында шет тілі маманы мен аудармашы референт мамандығын қызыл дипломмен бітіріп үлкен өмірге қанат қақтым.

Оқу іргесінде жүріп, колледж өміріне белсенді ат салысып, жастар парламенті, жастар ісі комитеті, іс-

шараларды ұйымдастырып, жүргізуші де болып, конкурстарға қатысып, талантымызды ашып, жеке тұлға ретінде дамыдым. Оқу үлгерімім жоғарғы деңгейде болғаннан, 4 курста Caspian Services Group шет ел компаниясында жұмыс жасауыма мүмкіндік берілді колледж тарапынан. Колледжге түсіп, грантта оқып, степендия алып, 2 мәрте “жыл студенті” атанып, керемет маман иесі болып отырғаныма сансыз шүкір, бұл өмірімдегі ең дұрыс шешімнің бірі, анама рахмет, еш өкінбеймін.

Қазіргі таңда ең үлкен жетістігім көпбалалы анамын, Алланың бере салған 5 аманатын тәрбиелеп отырмын. Осы балаларға деген мейірімді де, колледждегі сабақтар уйретті, бала тәрбиесі, психологиясы, барлығы қамтылған. Алған білімдерімді практикада пайдаланып, осы уақытқа дейін көптеген шет ел компанияларында жұмыс жасап тәжірибе алмастым, қазіргі таңда ұлттық Қазақтеңізкөлікфлотында жұмыстамын.

Аудармашы, шет тілі мұғалімі мамандығымның өміріме қосып жатырған үлесі мол, шет елдерде ағылшын тілінде еркін сөйлесіп, баларыма шет тілінен сабақ беріп, басқа да балалардың зейіндерінің ашылып, білім алуына үлесімді қосып жүрмін.

САМАТОВА ГҮЛЗАДА, 2010 жылғы түлек



Мен Саматова Гүлзада Нұғыметқызы, Маңғыстау жоғарғы педагогикалық колледжінің 2010 жылғы түлегімін. 2006 жылы Маңғыстау жоғарғы педагогикалық колледжінің "бастауыш сыныптың ағылшын тілі оқытушысы" мамандығына түсіп, 2010 жылы осы мамандық бойынша үздік дипломды иемдендім. Мамандықтың сан алуан түрі бар. Дегенмен қоғамға пайдасын тигізіп, ұрпақ болашағына үлес қоса алатын мамандықты игеру – кез келген жанның

арманы болар. Менің де осы арманымның жүзеге асуына бастау болған - Маңғыстау жоғарғы педагогикалық колледжі.

Колледжді аяқтаған соң бакалавр және магистратура деңгейлерін алып, 2013 жылы Маңғыстау туризм колледжінде арнайы пән оқытушысы болып қызметімді бастадым. Қазір де сол білім ордасында қызметім жалғасуда. Аударма ісі мамандығы бойынша студенттерге білім беріп келемін. Сонымен қатар, 2022 жылы өзімнің жеке кәсібімді бастап, Мұнайлы ауданы, Баянды селосынан 3 жастан 16 жас аралығындағы оқушыларға арналған оқу орталығымды аштым.

Колледжде тек ағылшын тілін үйреніп қана қоймай, ағылшын тілінің мұғалімі ретінде оқыту әдістемесін де терең меңгердім деп айта аламын. Осы алған білімнің арқасында жас та болсам еш қорқынышсыз студенттерге білім беріп, қызметімді абыроймен атқарып келемін. Ағылшын тілін білу мамандықпен қатар, өмірде де, саяхатта да пайдаға асуда.

Сөз соңында, білім нәрімен сусындатқан барлық ұстаздарға, білім мен тәрбиені қатар берген кураторым Испекеева Дина Ерғазықызына алғысымды білдіремін!

ХИСМЕТОВА АРУХАН ЕЛЕМЕСҚЫЗЫ, 2010 жылғы түлек



Мен, Хисметова Арухан Елемесқызы 2006ж. Маңғыстау гуманитарлық колледжінің табалдырығын аттап, 2010ж. ағылшын тілі жас маманы атанып, үздік диплом алып шықтым. Білім мен тәрбиені қатар алып, кураторым Испекеева Дина Ерғазиевна көрсеткен сара жолмен жоғары оқу орнын бітірдім. 2011 ж. “Marriott” компаниясының сату бөлімінде менеджер болып жасадым. Ол жерде 2 жыл қызмет етіп, 2013ж. Бұрғылау Компаниясы

“Си Бу”ға орыс-ағылшын тілі аудармашысы болып жұмысқа орналастым. Содан бері, міне 10 жыл болыпты колледжден сусындаған біліміммен мекемеде “үздік жыл маманы” номинациясымен 3 мәрте марапатталдым. 2015 жылы тұрмыс құрып, 2016 ж. тұңғышым Ақзере өмірге келді. 2021 ж. Адина атты қызымыз келсе, 2022 ж. Қасым атты ұл бала келіп, қазіргі

таңда бала күтімі демалысындамын. Тіл маманы болған соң шет елдерді саяхаттауды жаным сүйеді. Осы уақытқа дейін Индонезия аралдарын, Малайзия, Түркия, Араб Әмірліктерінде болдым. Осы жылы американдық “Ingrou International” компаниясына партнёр болу арқылы круизбен Европаның Испания, Италия, Франция елдеріне саяхат жоспарлануда. Сонымен қатар, халыққа да басқа елдің мәдениетін, рухани дүниелерін, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын тануға мүмкіндік көрсетіп, ағарту істерін қосымша атқарып жүрмін.



Өмірімде осы уақытқа дейін қандай үлкенді-кішілі жетістікке жеткен болсам, сол нәтижеге

Маңғыстау гуманитарлық колледжінің қосқан үлесі зор дер едім. Шынымды айтсам, мендегі оқуға деген құштарлық тура осы колледждің табалдырығын аттаған жылдардан бастау алды.

Колледж қабырғасындағы 4 жыл мен үшін өте жемісті де нәтижелі жылдар еді, мен мұны айналамдағы адамдарға да айтудан шаршамайтынмын.

Алғашқы жылдары кураторым Ерғалиева Қалдыгүл Орынбасарқызының қолдауы мен жетекшілігінің арқасында алдағы өміріме қажетті айтарлықтай біраз дүниені ұқтым. Кей ұстаздар болады, бейсаналы түрде ауыр сөздер айтумен студенттің бойындағы лаулаған отын өшіріп алатын, ал менің жетекшім менің жасырын жатырған қабілеттерімді сол уақытта керісінше өзіме танытып, аша білді.

Маңғыстау гуманитарлық колледжінен "Бастауыш сыныпқа арналған шет тілі" мамандығы бойынша білім алып шықтым. Осы 4 жылдық сапалы білімнің нәтижесінде еліміздегі білім деңгейі жағынан ең мықты жоғарғы оқу орындарының бірі "Сулейман Демирель Университетінде" бакалавр деңгейінің грант иегері атандым. Бұл оқу орнына түскен соң, Назарбаев Зияткерлік Мектебі сияқты небір мықты ортадан келген студенттермен қатар білім алдым. Шыны керек, алғашқы уақытта оңайға соқпады, бірақ осы орайда атап айтқым келетіні, маған қатарыма ілесіп кетуге көмектескен бірден бір нәрсе, ол - колледж қабырғасында жинаған баға жетпес тәжірибем еді.

Осылайша универ қабырғасында 1 жыл білім алған соң, 2019 жылы "Erasmus" жобасы бойынша Еуропаның Литва мемлекетіне 1 семестрлік Грант ұтып алдым. Оқуыммен қатар, кішкентайымнан армандайтын Еуропаның 18 мемлекетін жалғыз аралап шықтым. Қазіргі таңда өзімнің құрған кішкентай отбасыммен АҚШ мемлекетінің Нью-Йорк қаласында өмір сүріп жатырмын.

Осының барлығына бірден-бір себеп - менің осы "шет тілі мамандығын" меңгерудегі таңдаған алғашқы оқу орным мен ұстаздарым. Егер де ең алғашқы фундаментім - оқу орным бұрыс таңдалса, мен осындай жетістікке жетіп, ағылшын тілінде еркін сөйлеп, әлемді емін еркін шарлай алар ма едім?

Менің оқудағы жетістігіме, тұлғалық дамуыма үлес қосқан Маңғыстау Гуманитарлық Колледжіндегі әрбір ұстазға алғысым шексіз! 40 жылдық мерейтой құтты болсын! Сүйікті колледжіміз тек көркейе түссін!

